



«Менің халқым менен де биік» тақырыбында танымдық сағат пен кітап көрмесі ұйымдастырылды. Кітапханашы, оқушыларды аса көрнекті ғалым, академик, қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті, қазақстандық металлогения мектебінің негізін салушы Қаныш Сәтбаевтың өмір жолымен және ғылыми еңбек жолындағы жетістіктерімен таныстырды.

Көрмеге М.Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы. Феномен» атты деректі ғұмырнамалық романы, «Қаныш Елі» энциклопедия, С.Хасанның «Қаныш Сәтбаев кім?", А.Брагиннің «Первый академик», «Хрестоматия Отбасы» баспасынан шыққан кітаптар «Бала Қаныш оқыған кітаптар» сериясынан алты кітаптан тұратын жинақтар ұсынылды, т.б. әдеби кітаптары қойылды.

Шара барысында оқушыларға Қаныш Сәтбаевтың Қазақстан ғылымына қосқан үлесін бейнелейтін «Жәдігер Қаныш», «Қаныш Сәтбаевтың мүсіні» және «Уникальная запись с голосом Каныша Сатпаева» атты видеороликтер көрсетілді. Іс-шараға 5 «А» сынып оқушылары қатысты.



5 ● 37mm f/1.8 1



3 ● 37mm f/1.8 1/1

